



ЕЛБАСЫНЫҢ ТҮРКІСТАНҒА САПАРЫ

Иә, Түркістан - Қазақ хандығының астанасы болған, тарихы тереңде жатқан шаһар. Бұл қалада ұлтымыздың тағдыры талқыланып, түрлі шешім қабылданған. Қазақтың ұлы тұлғалары дүниеге келген қасиетті мекен. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, Түркістанның халқымыз үшін айрықша маңызы бар. Бұл - Орталық Азиядағы ежелгі қалалардың бірі. 2000 жылы Түркістанның 1500 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өттік. Тарихымыздың қилы кезеңдерінде мұнда бүкіл ұлтымыздың

болашағына қатыс-ты маңызды шешімдер қабылданған. Түркістанда халқымыздың көптеген белгілі тұлғалары жерленген. Жалпы, қала тарихы - барша қазақтың тарихы. 2018 жылы Назарбаев Түркістанды дамытудың бас жоспарының тұжырымдама-сын бекітіп, сондай-ақ TURKISTAN АЭА-ғын құру туралы Жарлықтарға жариялы түрде қол қойған болатын. Бүгінде рухани астананы жан-жақты дамыту жұмыстары қарқын алған. Елбасының Түркістан облысына сапары барысында алдымен, Тұңғыш Президент Саябағындағы ойын-сауық

паркінің құрылыс жобалары таныстырылды.

Сондай-ақ, Елбасы желілік саябақ жасау жоспарын көріп, қалалық Арбатты қайта қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Айта кетейік, рухани астанадағы бұл көрікті орын үстіміздегі жылдың 11 қыркүйегінде ел игілігі үшін пайдалануға берілген еді. Жалпы аумағы – 0,15 га, абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін жері тегістеліп, бетон қабаты құйылды және 2600 м2 гранит тас төселді.

Жалғасы 3-ші бетте»



ДУЛАТ ӘБІШ АКАДЕМИК АТАНДЫ

1996 жылы елімізде алғаш рет мемлекеттік тілдегі тәуелсіз «Айғақ» газетін, 2007 жылы республикада 100 на-йыз мемлекеттік тіл-де хабар тарататын «Айғақ» телеарнасын ашқан Дулат Назарбекұлы Әбіш Оңтүстік өңірінен журналистер арасында тұңғыш болып Қазақстанның Журналистика академиясының Толық мүшесі-Академигі атанды. 1 қараша күні Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өткен салтанатты шарада құрметті атақты Дулат Әбішке академия президенті Сағымбай Қозыбаев тапсырды.

Мамандығы бойынша ұстаз, журналист әрі заңгер Дулат Назарбекұлы Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы шақырылымындағы депутаты болып сайланған. Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, облыстық Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Құрмет» Орденінің иегері, Қазақстанның құрметті жур-

налісі.

2010 жылы республика бойынша «Ең үздік редактор» атағын Олжас Сүлейменовтің қолынан алды. Іскерлігі мен еңбексүйгіштігі нәтижесінде журналистік және депутаттық қызметтерді біліктілікпен үйлестіріп жүрген ол Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына ерекше үлес қосып келеді.



Дулат Назарбекұлы — Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығы, Қазақстан Журналистика одағының Саттар Ерубаев және Тұрар Рысқұлов атындағы сыйлықтары, республикалық «Алтын жүрек» сыйлығының иегері, ОҚО «Жыл адамы» номинациясы, Қоғамдық марапаттар мен атақтар жөніндегі Республикалық Кеңесінің «Қазақ журналистикасының қайраткері» атағының иегері

атанған қаламы қарымды журналист.

Азаматтық парызы өтеу Дулат Әбіш үшін ең үлкен міндет. Ол Ұлы Отан соғысының отты жылдары Отанын қорғау үшін оққа ұшып, жат жерде қалған жауынгер жерлері үшін де азаматтық парызын өтеп келеді. Мәселен, 2016 жылы Дулат Әбіштің белсенді атсалысуымен Ұлы Отан соғысы кезінде Ресейдің Калуга облысында қайтыс болған жерлесіміз

Мемлекет басшысы Шымкент қаласының әкімін қабылдады



Қазақстан Президенті жаңа әкімнің Түркістан облысынан қалаға қосылған елді-мекендерге жол салу, газ тарту, электр жарығымен және ауыз сумен қамту бойынша жоспарымен та-нысты, деп хабарлайды Ақорда сайты.

Қаланың 2018 жылы бекітілген 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасы тың қарқын алды. Ол 5 бағыттан тұрады: экономика, әлеуметтік сала, қоғамдық қауіпсіздік және құқық қорғау, ин-фрақұрылым, экология және жер ресурстары.

Бағдарламада 72 индикаторлар қарастырылса, оның 2018 жылы 65-не қол жеткізілді немесе орындалуы 90,3% болды. Нәтижесінде, қаланың жалпы өңірлік өнімі 2,1 трлн теңгеге жетіп, өсімі 114,1%-ды құрады. Бұл республикадағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Халықтың жан басына шақ-қанда жалпы өңірлік өнім - 2,2 млн теңгеге жетті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Ерлан Айта-хановқа қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арт-тыру бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мақаш Тәжібаевтың сүйегі туған жерге әкелініп, Шымкенттегі «Даңқ» мемориалына жерленді. 2015 жылы Дулат Әбіш Монғолияның Баян-Өлгей аймағын топан су басқан кезде ОҚО делегациясының құрамында бо-лып, қайырылымды-лық көмек көрсеті-луіне ұйытқы болды.

2014 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағы-тын және партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға, сондай-ақ еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсенді атсалысқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталған.

«Айғақ» телеарнасы өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға қосқан үлесі, әлеуметтік экономикалық және саяси реформаларды кеңінен жариялап, көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаевтың Өкімімен Алғыс жарияланды.

Осы тұста, облыстық мәслихаттағы әріптесін қуанышымен құттықтаған Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы Қайрат Балабиев редакциямызға ізгі тілегін жолдады. Жеделхатта: «Құрметті Дулатбек Назарбекұлы!

Сізді Қазақстан Журналистика Академиясының Толық мүшесі-Академигі атағын иеленуіңізбен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміздің жібектей жұмсақ самалы енді ғана есе бастаған жылдары Сіз тәуелсіз «Айғақ» газеті мен телеарнасын ұйымдастырып, халыққа сапалы ақпарат тарата отырып, еліміздің мемлекеттік саясатын жүзеге асыруға, қоғам мен өңір экономика-сының дамуына едәуір үлес қосып келесіз. Сіздей әріпте-сіміздің журналистика саласының майталманы ретінде осынау жоғары атаққа ие болуы біз - әріптестеріңіз үшін зор мақтаныш! Қашан да абырой биігінен көрініп, мерейіңіз үстем болғай! Сізге жаңа шығармашылық та-быстар, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға аман-дық, құт-береке тілеймін!» делінген.

Жанар ӘУЕЗ

«Dala fruit.kz» ЖШС – 2012 жылы Түркістан облысының Сайрам ауданында құрылған. Бүгінде елімізге ғана емес, алыс-жақын шетелдерге отандық өнімді тасымалдап, халықтың сүйіктісіне айналып үлгерді. Жалпы көлемі 250 гектарды алып жатқан қарқынды алма бау заманауи технологиялармен жабдықталған. Өндірісі өркендеген бал шөрбатты шырын да көпшіліктің сұранысында. Ауыл шаруашылығының озық технологиясын пайдалана отырып, шаруашылықтың өрісін өрге сүйреткен Болатбек Нәжіметдинұлы мамандарды Италиядан шақыртады. Есесіне, өнім көлемі де ұлғайып келеді. Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне үлес қосып жатқан «Dala fruit.kz» ЖШС-не 5 қараша күні Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Түркістанға жұмыс са-

АСҚАР МАМИН «Dala fruit.kz» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



пары барысында арнайы келіп, жұмыс жасау қарқынымен танысты. Бұл туралы «Dala fruit.

kz» ЖШС-ның негізін салушы Болатбек Нәжіметдинұлы өзінің facebook парақшасында

мәлімдеді.

Компанияда тікелей сығылған табиғи шырын мен жеміс пюреі өндіретін зауыт бар. Зауыттың қуаттылығы - сағатына 2000 литр дайын өнім шығара алады. Табиғи жеміс шырыны мен жеміс пюреі өндірісінде ешқандай қоспалар пайдаланылмайды. Шығарылатын өнімдердің тағамдық құндылығы жоғары, оның маңыздылығы тек дұрыс тамақтану үшін ғана. Тікелей сығылған шырын үш көлемде шығарылады: әрқайсысы 1 литр, 1,5 литр және 3,0 литр. Сақтау мерзімі - 1 жыл, қаптама ашылған күннен бастап бір айдан аспайды. Табиғи шырынның орамасы толтыру клапаны шырыннан қаптамадан ағып кететіндей етіп жасалған, бірақ тікелей қаптамаға ауа жібермейді. Бұл шырынның ашылғаннан кейін жеткілікті ұзақ уақыт сақталуына мүмкіндік береді.

Тағайындау

Жәнібек НАУШАБАЙ -

Түркістан қаласы әкімі аппаратының басшысы



шабай тағайындалды.

Ж.Н. Наушабай білімі жоғары, мамандығы — заңгер, әлеуметтік білім магистрі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі мен АҚШ — тың Дьюк университетінің түлегі. Еңбек жолын 2003 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы «Ақсуат» ЖШС — де заңгер ретінде бастап, аталған облыста прокуратура және әділет органдарында, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда еңбек еткен. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызметті кадрлық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық жоспарлау және ақпараттық-талдау басқармасының бастығы, Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары, Құжаттамалық қамтамасыз ету, бақылау және кадр жұмысы басқармасының бастығы, Әкімшілік жұмыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Ішкі бақылау қызметінің бас консультанты лауазымдарында еңбек еткен. 2015 жылғы қарашадан бастап, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы департаменті Тәртіптік-әкімшілік тәжірибе және мемлекеттік қызметтер басқармасының бас инспекторы, 2016 жылдан бастап ОҚО, кейіннен Түркістан облысы құрылған облыс әкімі аппараты персоналды басқару қызметінің басшысы лауазымдарын абыроймен атқарып келген.

АЛМАТЫ МЕН САНКТ - ПЕТЕРБУРГ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ «ЖОЛ КАРТАСЫН» ӘЗІРЛЕЙДІ

Алматы мен Санкт-Петербург ынтымақтастықтың «Жол картасын» әзірлейді

Санкт-Петербург үкіметінің мүшесі — ұлтаралық қатынастар және көші-қон саясатын іске асыру комитетінің төрағасы Олег Капитанов бастаған ресейлік делегация мәдени-іскерлік миссиямен оңтүстік астанаға келді, деп хабарлайды Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Делегацияны Алматы әкімі Бақытжан Сағынтаев қабылдады. Ол Олег Капитановпен екі қала арасындағы қарым-қатынасты дамыту

перспективаларын талқылады. Тараптар денсаулық сақтау, білім, туризм, мәдениет және ШОБ салаларында ынтымақтастықтың «Жол картасын» әзірлеуге келісті.

Сонымен қатар, делегация «Алматы-Санкт-Петербург: жаңа мүмкіндіктер аумағы» конференциясына қатысты. Қазақстан мен Ресейді мәңгілік достықпен бауырмалдықтың Келісімшарты бойынша ежелгі тарихи айрықша байланыс біріктіреді. Алматы мен Санкт-Петербург көршілік қарым-қатынасты нығайтуда үлкен рөл атқарады.

Алматыдағы Ресей Федерациясының Бас консулы Евгений Бобров өз сөзінде Алматы мен Санкт-Петербург арасында ұқсастықтың көп екенін, ал Ресей мен Алматы арасындағы ынтымақтастықтың өте тығыздығын атап өтті. 2018 жылы Ресей мен Алматы арасындағы тауар айналымы 4,7 млрд. долларды құраған.

Санкт-Петербург үкіметінің мүшесі — ұлтаралық қатынастар және көші-қон саясатын іске асыру комитетінің төрағасы Олег Капитанов Алматы мен Санкт-Петербургтың бірдей тұғырлы алаңда тұр-

ғанын атап өтті. Санкт-Петербург миссиясының делегаттары Алматы әкімінің көсіби басқармалары басшыларымен сауда-экономикалық ынтымақтас-тық әлеуетін, өзара байланыс пен мектеп жасына дейінгі, жалпы, қосымша және көсіби білім беру жүйелеріндегі бірлескен жобаларды іске асыруды талқылады. Бұдан өзге, күн тәртібіне гуманитарлық ынтымақтастықтың,

соның ішінде мәдениет және туризм салаларындағы серіктестіктің әлеуетті мәселелері енгізілді.

Үшінші мегаполисте әлемдік діндердің сарапшылары, дін өкілдері бас қосты. «Діни бостандықты нығайту мақсатында стратегиялық серіктестік орнату» жобасы аясында дін бостандығы мен конфессияаралық қатынастарды құру мәселелері бойынша қазақстандық-американдық сарапшылардың дөңгелек үстелі өтті, деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Қазақстанның діни бірлес-

ӘЛЕМДІК ДІНИ САРАПШЫЛАР ШЫМКЕНТТЕ БАС ҚОСТЫ

тіктер қауымдастығы ұйымдастырған жиынға АҚШ-тан келген LYNC (Love Your Neighbor Community) делегаттары қатысуда.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Марат Әзілханов, Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығының төрағасы Александр Ключов, Шымкент қаласының ішкі саясат және дін істері басқармасының басшысы Жанар Бектаева, Шымкент қаласының бас имамы Бақтыбай Бейсенбаев жиынның ашылуында мұндай басқосудың маңызды екенін атап өтті.



Жалпы бір күнге жоспарланған дөңгелек үстелде дін ұстану еркіндігі, конфессияаралық қарым-қатынастарды құру, дін және заңның үстемдігі, конфессияаралық әлеуметтік жобаларды қалыптастыру мәселелері талқыланды.

LYNC миссиясының негізін қалаушы және президенті Уэйд Кьюсак қоғамдастықтың көкжиегі кеңейіп келе жатқанын айтты.

— Біз танысу үшін келдік. Сіздердің мақсаттарыңызды білгіміз келеді. Біздің де сіздерден үйренетін тұстарымыз көп. Бір айта кетерлігі, АҚШ-

та осы қоғамдастықтың дөңгелек үстелін 12 адам болып бастаған едік. Қазір 150-ге жетті. Жалпы әлемде көптеген елдердің қоғамында діни сенім бостандығында шектеулер бар. Біз осыны азайтсақ дейміз. Орта Азияда өріп-тестіктік көкжиегі артып келеді, — деді Уэйд Кьюсак.

Шымкенттен басталған дөңгелек үстел әрі қарай Өскемен қаласында жалғасады. Үш стратегиялық маңызды қалада жетекші халықаралық сарапшылардың дін, құқық, бизнес, т.б. мәселелері талқыланды.

Бұл аптада кімдер туылған?

07.11.1960
Мұқаш Ескендіров,
Қазақстанның Еңбек Ері,
«Қазфосфат» ЖШС-ның
бас директоры.

07.11.1951
Сауытбек
Әбдірахманов
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты.

10.11.1946
Әнуарбек Бейсе
«Шымкент қаласының
«Құрметті азаматы»,
«Ұстаз нұры - информ»
газетінің бас редакторы

13.11.1977
Альбина Елишева
Оңтүстік Қазақстан
индустриалды-құрылыс
колледжінің директоры

13.11.1977
Әсет Қайыпбеков,
Түркістан облыстық
мәслихатының
депутаты,
«Сити Строй ЛТД 7»
ЖШС-ның директоры

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен шын
жүректен құттықтайды!

Қараша

АЙЫНА АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

Қараша айында циклондар мен антициклондардың жиі ауысуымен ауа температурасы республика аумағының басым бөлігінде климаттық норма шамасында болады деп күтіледі, тек Азия аудандарынан оңтүстік-батыс ағындарымен Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде 1С-қа жылы болады деп болжануда, деп хабарлайды «Қазгидромет» РМҚ баспасөз қызметі.

Атмосфералық фронттардың өтуі тұрақсыз ауа райын тудырады, ол жауын-шашын, желдің күшеюі (солтүстікте боран), тұман және көктайғақ құбылыстарымен қатар жүреді. Бір ай ішінде әр онкүндікте суытудың 3 толқыны күтілуде. Бірінші онкүндікте суықтың толқыны бұ-кіл Қазақстанды қамтиды. Екінші және үшінші онкүндіктерде температураның төмендеуі ба-рынша қарқынды күтіледі, бұл солтүстік облыстарда қар жа-мылғысының орнауына алып келуі мүмкін. Әдетте, солтүстік жартыда тұрақты қар жамылғысын орнатудың орташа күні қараша айының бірінші жартысында, оңтүстік өңірлерде - қараша айының соңы — желтоқсан айының басы деп күтіледі.

(Жағасы. Басы-1-бетте) Сонымен қатар, 145х10 метр металлоконструкциялық ферма (аспалы металл құрастырылым) қойылып, түрлі-түсті шамдармен жарықтандырылған. Арбат қала орталығындағы Тель-ман аялдамасында орналасқан. Бұрын шаңы шығып жататын жер күрделі жөн-деуден өтіп, көрікті орын-ның біріне айналды. Арбат-тың ішінде фонтан және аллеялар бар. Сондай-ақ, жастардың сейіл құратын орындары жасақталған.

Сонымен қатар, Қазақстанның Тұңғыш Президентіне «Күлтөбе қалашығы» археологиялық саябағын құру жобасы туралы ақпарат берілді.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, «ERG Көмек» корпоративтік қоры мен Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының арасындағы меморандумы арқылы жүзеге асырылып жатқан «Күлтөбе қалашығы» археологиялық паркі Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің маңындағы «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығының аумағында орналасқан. Жобаның мерзімі 2019-2021 жылдарға жоспарланған.

Туризм – Түркістан облысы экономикасының басым салаларының бірі. Қазіргі таңда облыста 1000-нан астам тарихи-мәдени және археологиялық объектілер және 4 ерекше қорғалатын аймақ бар.



экологиялық, тарихи-мәдени және танымдық бағытта 57 туристік маршрут әзірленді. Соның бірі - Қасқасу туристік-рекреациялық кешені, “Ұлы Жібек Жолы” ұлттық қол өнер шеберлері орталығын” жасақтау, Шығыс базары

Нәтижесінде 2024 жылы туристер саны 3 есе, орналастыру объектілерінің саны 30 %-ға, қызмет көрсету көлемі 35 %-ға,

дион, музыкалық мектеп, сандық кеңсе, бассейні бар спорт кешені, Смарт сити байланыс жүйесі, олимпиада резервінің спорт мектебі, қалалық саябақ, туризм колледжі және халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары бар.

Сонымен қатар, қаланың рухани-мәдени орталығында 10 нысанның құрылысы жүргізілуде. Атап өтер болсақ, музы-

жүзеге асыруға болады. Түрлі параметрлері бар су суреттерін тандау мүмкіндігі бар. Шығыны аз. Гүл түріндегі “Шығыс Маржаны” орталық формасы-өркендеу мен дамудың, бейбітшілік пен тыныштықтың символы

Тұңғыш Президент саябағы жобасының тұжырымдамасы өңірдің тарихи мұрасын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің

облыстың орталығы жасап, қайтадан жаңдандырып, елімізге осы киелі орданы қайтару мүмкіншілігі қолымызға тиді. Түркістан - түркі әлемінің бесігі. Бауырлас түркі мемлекеттері де бізге көмектеседі деп сенемін. Елімізде Алматы, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы, Шымкент 1 млн. тұрғыны бар қалалар қатарында. Болашақта қалаларда экономика, мәдениет саласы дамиды болады. Сондықтан біз де сол жолмен жүреміз. Бұйыртыса, алдымызда тағы да бір млн халқы бар қалалар өсетін болады. Солардың ішіндегі Түркістанның орны жеке дара, - деді Елбасы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті бүкіл қала бойынша жүріп жатқан құрылыс қарқынының жоғары екенін атап өтті.

- Бұл жердің саябағы да болады, жолдары да болады. Түркістанның тұрған жері талай жердің торабы дейді. Қытай арқылы Еуропаға кететін үлкен дәліз бар. Барлығы бар. Құдай бұйыртыса. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанымызда тағы бір орталық, тағы бір керемет қала болайын деп отыр. Бүкіл түрік дүниесінің орталығы екені бәрімізге белгілі. Мына жердегі оңтүстіктегі ағайындар: Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан барлығы қуанып жатыр. Өздеріңізге белгілі, Түркістанның 1500 жылдығын атап өтеміз деп біраз шаруаны жасаған болатынбыз, сонда осы алаңда



Туризм саласында облысқа келуші туристердің саны жыл сайын өсуде. Соңғы 3 жылда туристер саны 25 %-ға артты, орналастыру объектілері 131 бірлікті құрайды.

Сонедіктен да, «Күлтөбе қалашығы» археологиялық саябағын құру жобасы - үдемелі жаңғырту, әлеуетті инвесторлар үшін тартымдылықты арттыру мақсатында Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарының негізімен тығыз байланысты. Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани-мәдени орталығы ретінде дамыту, сондай-ақ ұлттық өнерді, жақын және алыс шетелдің салт-дәстүрлерін кеңінен насихаттау, жас таланттарды қолдау, заманауи материалдық-техникалық құрал жабдықтармен жабдықталған және әлемдік стандартқа сәйкес келетін жаңа мәдени объектілер салу - дамудың басым бағыттарының бірі. Осының негізінде, өңірдің туристік тартымдылығын жақсарту келуші туристердің саны және ашылатын жұмыс орындарын ұлғайтады. Тиісінше, жаңа туристік дестинацияны құру және туризм индустриясын дамыту жүйелі жүзеге аспақ. Сондай-ақ

инвестиция көлемі 5 есеге артады.

Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуымен қатар, Түркістан қаласының идеологиялық негіздемесін қалыптастыру бойынша 4 бағыт айқындалған болатын. Олар: біріншіден, Түркістан - қазақ халқы мен түркі тілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығы. Екінші, Түркістан - әлемдік деңгейдегі қолөнер және шеберлер орталығы. Үшінші, Түркістан - Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан ірі сауда орталығы. Төртінші, Қожа Ахмет Яссауи - рухани тұлға. Міне, осы 4 бағыт бойынша идеологиялық жұмыстар қолға алынды. Оның бірқатары Түркістан облысының 1 жылдығы аясында басталып та кетті.

Елбасының Түркістан қаласын дамыту туралы тапсырмасына сәйкес көне шаһарда 26 нысанның құрылысы өңірлер, ұлттық компаниялар және бизнес өкілдері тарапынан жүргізілуде. Мысалы, әкімшілік-іскерлік орталықта 16 нысан тұрғызылады. Олардың ішінде облыс әкімдігі, басқармалар, департаменттер, конгресс-орталығы, медиа-орталығының ғимараты, Нұр-сұлтан алаңы, оқушылар сарайы, ста-

калық субұрқақ, шығыс моншасы, Неке сарайы, “Ұлы дала елі” орталығы, драма театры, қабылдау орталығы, Қ. А. Яссауи атындағы мұражай, ғылыми-әмбебап кітапханасы, “Ұлы Жібек Жолы” қолөнершілер орталығы және амфитеатр.

Жалпы, биылғы жылдың соңына дейін 11 нысанды пайдалануға беру жоспарлануда.

Әкімшілік-іскерлік орталықта – облыс әкімдігінің ғимараты, медиа-орталық, музыка мектебі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, олимпиада резервінің спорт мектебі және Нұр-Сұлтан алаңы. Ал, рухани-мәдени орталықтағы амфитеатр, музыкалық субұрқақ, шығыс моншасы, қабылдау орталығы, неке қию сарайы Елбасының келуімен пайдалануға берілді.

Музыкалық субұрқақтардың негізгі ерекшеліктеріне тоқталар болсақ. Толық композиция реттегіштері бар бірнеше автономды су суреттерінің көмегімен жасалады. Су беру мақсатында ең қысқа мерзімде іске қосуға немесе тез клапандарды қолдана отырып, әрекет етуге қабілетті ерекше сорғы жабдығы қолданылады. Жарықтандыруды бір реңктер немесе тұтас түстер гаммасы арқылы

паркін жобалауды ұсынады. Саябақты абаттандыру алаңы мұражайға іргелес, мешіт және ескі зираттар аумағында. Парктің периметрі бойынша 5 кіру есігі орналасқан. Ені 10 м жаяу жүргіншілер саяжолы, платондар қатарлап отырғызылады. Жаяу жүргіншілер аллеяларын абаттандыру аумағында перголдар, тенттер, субұрқақтар кешені, демалыс және Пирс алаңдары бар декоративтік су айдыны, қарқынды көгалдандыру, ауыз су бұрқақтары орналасқан. Субұрқақтардың орталық кешені ортасында су беті мен платоны бар алаң, периметрі бойынша 4 кешен сарқырамасы бар қарау алаңын қамтиды.

Сапар барысында Елбасы қаланың рухани-мәдени орталығында өткен концертке қатысып, Түркістан облысының тұрғындарымен жүздесті.

Сөз барысында Нұрсұлтан Назарбаев облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы шешімінің тарихи маңызына тоқталды.

- Тәуелсіздік алғаннан кейін әрине, мен тіпті Астананы таңдаған кезде де біраз ойландым, бірақ оған жағдай болмады, өздеріңіз білесіздер. Міне, енді уақыты келді, Түркістан қаласын

кездесіп, сөйлестік. Сонда мен айтқанмын, Түркістан орталық болады деп. Мінекей, қолға алынды. Бірінші кезеңде 175 нысанның құрылысы жоспарланған. Оның 102-сі биыл іске қосылады. Бұл процеске еліміздің барлық өңірлері қатысып жатыр, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы облыс орталығының құрылысы мен жандануына ат салысып жатқан барша жұртқа алғысын білдірді.

- Ендігі жылы көп ғимарат іске қосылып, жылдың ортасында, жарлыққа қол қойғанымызға екі жыл толғанда, бәріміз осы жерде кездесетін боламыз. Талай рет келдім, кесенені жөндеуден өткіздік, университет іске қосылды. Осының барлығының аяғындағы міндет – облыс орталығын салу еді, соған да Алла бізді жеткізді. Сондықтан баршаларыңызды құттықтаймын. Мұның бәрі біздің халқымыздың өмір сүру деңгейіне оң әсер етеді, - деп түйіндеді Елбасы.

Мұнан кейін Н.Назарбаев қолөнершілердің көрмесін аралап көрді. Онда әлемнің 20 елінен келген шеберлердің жұмыстары ұсынылған.

Салтанат ТОЙБОЛОВА

МЕГАПОЛИСТЕ 100 КҮНДЕ

Қазақстандағы ең көне қала - Шымкент. Тау, тасты қопарып зерттеген тарихшылар осылай деп жүр. 2 200 жылдық тарихы бар мегаполистің ескі қалашығы - осының куәсі. Рейтинг бойынша Шымкент қаласы 2016 жылы өмір сүруге ең ыңғайлы қала деп танылды. Ал, 2018 жылы халқының саны миллионға жетіп, үшінші мегаполис атағына ие болды. Ауа-райы өте қолайлы аймақ туралы қала қонақтарынан пікір сұрасаңыз, кез келгені әуелі қонақжайлығын айта-ры сөзсіз. Расында пейілі кең, дархан далаға Жаратқан береке мен ынтымақ беріп қойғандай. Жайсаң жандардың мекені деуге де лайықты.



құрылысына да қосымша қаржы қаралды. Жалпы, алдағы уақытта шалғайдағы елді мекендердің жол-инженерлік инфрақұрылым жүйелеріне қаржы қаралатын болады. Спорт және мәдениет нысандарына да алдағы жылы қаражат қарастырылады.

Шымкент қаласын дамыту бағдарламасы аясында, 2019 жылы 35,5 млрд теңгеге 700 жұмыс орны мен 9 жобаны іске асыру жоспарланып, бүгінгі күнге 4 жоба іске қосылып, 190 жұмыс орны ашылды. Өндірістің дамуына қаладағы 2 индустриялық аймақ өз үлесін қосуда. Қазіргі таңда, құны 42 млрд теңгеге 67 жоба іске қосылып, 4 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Тартылған инвестиция көлемі жағынан 1 теңге бюджеттің қаржысына «Тассай» индустриялық аймағында 40 теңге, ал «Оңтүстікте» 10 теңге жеке инвестициядан келуде. Ашылғаннан бастап мемлекеттік бюджетке 16 млрд теңге көлемінде салық түсті. Қалада сауда нысандарының санын арттыру мақсатында ағымдағы жылы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Гипер Хаус» сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы аяқталды. Халықты жұмыспен қамту бағытында, 2019 жылы 15 мың жұмыс орнын ашу жоспарланып, бүгінгі күнге 11,2

мың жұмыс орны ашылды. Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейін жоспарлы 5,1%-ға ұстап тұруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған»

бағдарламасына 5,6 млрд теңге қаржы бөлініп, 28,0 мың адам бағдарламамен қамтылды.

Қалада инфрақұрылымды дамыту мақсатында, 8 су нысандарының құрылысы жүргізіліп, жылдың соңына дейін 4 нысан пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде, орталықтандырылған сумен қамту деңгейін - 94,7%-ға жеткізу жоспарлануда.

2019 жылы автомобиль жолдары саласын дамыту үшін бюджеттен 8,2 млрд теңге қаржы қарастырылып, 91 нысан құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылуда.

Тұрғын үй құрылысы саласында бюджет есебінен 3 578 пәтерлі 59 арендалық және кредиттік тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 1 554 пәтерлі 27 тұрғын үйді халық игілігіне беру жоспарланған. Одан бөлек, жеке инвесторлар есебінен 1 293 пәтерлі 26 коммерциялық тұрғын үй пайдалануға беріледі. Жылдың соңына дейін көрсеткішті 470 мың шаршы метрге жеткізу жоспарлануда.

Үшінші мегаполис Айтхановтың қолына сеніп тапсырылғанына үш күн өтті. Сол кезде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдауға шақырды. Президент әкімге сенім артты, халықтың жағдайын жақсарту үшін

тапсырма берді. Осыдан кейін Ерлан Қуанышұлы сілкінді білем, қала аппаратындағы қызметкерлерін жинап алып, әлеуметтік карта жасауға кірісті. Босаңсқан мемлекеттік қызметшілерді сүйектен өткізетін сөзбен түйреп, бірлесіп еңбек етуге шақырды.

Қала әкімі «Шымкент

пен Түркістан бөлінгенмен, ел іргесі бөлінген жоқ» деп зиялы қауым өкілдерімен кездескенде рухани өңгіме айтқаны естеріңізде ме? Әдебиет пен тарихтағы ұлы тұлғаларды насихаттауға Айтханов бір табан жақын сыңайлы. Өлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің келер жылы 1150 жылдығын жоғарғы деңгейде өткізу - оның бір жоспары болып тұр. Даңқты философқа ескерткіш қоюды да ойластырып жүр. Әкім үшінші мегаполистің креслосына отырып өзіміздікке салынбай, саясатта тәжірибесі бар ардагерлерді жинап, ақыл-кеңеспен жұмыс істеуді ұйғарыпты. Бұл әрекеті әрине, аға буындардың көңілінен шығып отыр.

Ерлан Қуанышұлы күн райының салқындығын сезе бастаған сәтте, бірден Шымкенттегі жылу беретін қазандықтарды назарында ұстап, ондағы жұмыстарды тексерді. Қалада төрт аудан болса, соның бірі - Еңбекші. Бұл мекенде тұратын халықпен кездесу болғанда тек инфрақұрылым емес, тұрғын үйлердің құжатын заңдастыру бойынша да проблема айтылған еді. Шымкенттің жай-күйімен, тіршілігімен танысып алғаннан соң, Айтханов құрылысшыларға сын айтты. Мердігерлердің жұмысын қадағалап, уақыты болған сәтте сапасын өзі тексеретінін мәлімдеді. Әрине бұл мәлімдеме бірқатар құрылысшыларға ұнамай қалған болар. Дегенмен, сын түзелмей, мін түзеле қоймас.

«Алты алаш бас қосса, төрдегі орын - мұғалімдікі» деген сөз тегін емес. Қала әкімінің 100 күндік уақыттағы жұмысын саптап, мұрағаттарды ақтарып отырғанда Айтхановтың ұстаздарға зор құрметін аңғардық. Білім саласындағылардың іс-шараларына жиі қатысқан екен. Мәселен, Асар мөлтек ауданындағы №89 мектепке барып, оқушылармен бірігіп ағаш егіп кетті. Және білім іздеген шәкірттерді сөзбен демеп, жігерлендірді. Мұғалімдер бас қосқан кездесудің бірінде қоғамның дергі жемқорлыққа қатысты өңгіме айтып, ұстаз деген ұлы тұлға екенін тағы біресе түсіргені естеріңізде болар.

Біздіңше, биліктегі басшылар салмақты, жүзінен тек суық леп есіп тұратындай. Олар үшін әзіл-қалжыңның ауылы тым алыста. Бірақ Ерлан Қуанышұлы бұл көріністің кейіпкері емес сияқты. Халықпен кездескенде немесе өзгеде жиындарда жиылған жұрттың жүзіне күлкі үйіріп, қалжыңмен қағытып жүретінін байқап қалдық.

Қалжыңнан хабары бар әкім жастарға да жақын екен. 100 күннің ішінде бірнеше рет алдыңғы саптағы және мәслихаттағы жастарды жинап, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Ақыл-кеңес айтып, ұсыныстарын тыңдады. Айтпақшы, 3 айдың ішінде қаланың басшысы



Ерлан Айтхановтың Шымкентке әкім болғанына 100 күн толды. Бұл мегаполистің тіршілігімен танысып, халықтың жағдайынан хабардар болуға жетерлік-ақ уақыт. Бірақ, тірлікті қырып жасап жатыр деуге әлі ерте сияқты. Өйткені, үш айда экономиканың тамырын енді басып, өзiрге бағытын бiлдi. Сонымен есiмi де, тегi де Шымкент қаласына жақсы таныс Ерлан Қуанышұлы 100 күнде не атқарды? Елоны қандай басшы деп бағамдап жүр? Осыған тоқталайық.

2019 жылдың 30 шілдесі күні Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Айтханов мегаполиске әкім болып тағайындалды. 48 жастағы мегаполис әкімінің ата-жұрты Отырар болғанмен, негізі Бөйдібек ауданының тумасы. Мамандығы бойынша экономист, заңгер. Түрлі қызметте тәжірибе жинаған Ерлан Айтханов ОҚО әкімінің орынбасары болып жүріп, іскерлігімен көзге түсті. Нәтижесінде 2016 жылы жерінің киесі мен иесі бар Отырар ауданына әкім болып, үш жыл Арыстанбаб жатқан аймақта аты шықты. Азаматтың аты Отырарды иіріп алып кеткен еңбегімен шықты. Және әлеуметтік желіге мән-мағынасы бар философтардың ойларын жазып, лайк жинаған лайықты жан. Ауданда жүріп қарапайым халықтың тіршілігімен өбден танысып, қызметте ысылған Ерлан Қуанышұлы Шымкентке келе сала, шеткі аймаққа көңіл бөлді. Инфрақұрылымнан құр қалып отырған елді мекендерге барып, халықпен ашық жүздес-ті. Аудандардың әкімдеріне әдемі жерлерді көрсетіп әспеттеудің қажеті жоқ, әлеуметтік мәселесі мәз емес аймақтарды көрсетуді талап етті. Ең алғашқы іс-сапарын Қаратау ауданындағы Исфиджап, Сайрам тұрғын алабынан бастады. Сонан соң, Абай ауданындағы Жаңаталапқа барып, жергілікті халықтың мұң-мұқтажына құлақ асты. Бұл аймақтарға ауыз су, көгілдір отын жетпей тұр. Және қоғамдық көлік дұрыс жолға қойылмаған. Тұрғындардың айтқан уәжін Айтханов орындаймын деп уәде бермеді, бірақ бюджеттің бүйірін байқайтынын білдірді. Тұрғындарды толғанып отырған басты проблемалар – қажетті инфрақұрылымдар, атап айтқанда сапалы ауыз су, газбен жабдықтау, электр

қуаты, жол, көріз жүйелерінің жеткіліксіздігі, қоғамдық көлік мәселесі алдыңғы кезекте шешілуі керектігіне мән берді және осы жұмыстарды жүйелі қолға алуды талап етті.

Ерлан Қуанышұлы «...жергілікті билік, қаланың әр тұрғынына, олардың тұрғылықты мекен-жайына қарамастан, бірдей жағдай жасауы қажет, яғни өмір сүруге қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, бұл – Елбасымыз және Президентіміздің әкімдерге қойған басты талабы», деп ашып айтты.

Шымкенттің шетіндегі көп елді мекендердің әлеуметтік жағдайы жетісіп тұрған жоқ. Мәселен, Әл Фараби ауданындағы Бадам, Сәуле шағын аудандарында инфрақұрылым шешілмей тұр. Айдалада ақ отау болып тұрған баспана тұрғындарымен әкім кездесуге барғанда өз көкелерін көргендей қуанды. Өйткені, бұл маңдарға басшылардың аяғы әлі жете қоймаған болатын.

Бүгінде тапшылықтарды жою үшін республикалық бюджеттен 6,2 млрд теңге қосымша қаражат бөлінуде. Мәселен, жыл соңына дейін Айкөл, Ақжар, Сайрам елді мекендеріне сапалы ауыз су жүргізіледі. Оған қоса Достық шағынауданынан басталатын магистралды су құбыры аяқталып, нәтижесінде Ынтымақ, Жаңатұрлан, Батыс елді мекендеріне су беру мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, таяуда ғана қоғамдық көлік мәселесі шешілген Тұран шағынауданындағы «Әдия» және «Отау» тұрғын үй кешендеріне баратын жол



НЕ ӨЗГЕРДІ?

Беларусь, Франция, Сингапур, Африка, Түрік, Чехия, Ресей, Корея т.б елдердің өкілдерімен ресми кездесіп, Шымкентке инвестиция құю үшін, бірталай құжаттарға қол қойып үлгерді. Бұл болса азаматтың іскерлік қабілетін көрсетіп тұр.

Мегаполистің солтүстік аймағында орналасқан «Shymkent City» 12 орамнан тұратын шағынаудан. Онда тұрғын үй мен бизнес орталықтарынан бөлек, сауда орындары, емхана, ойын-сауық орталығы, гүлзар мен демалыс аймағы болады деп жоспарланған. Осы аумақта оңтүстіккореялық Highvill Kazakhstan инвестициялық-құрылыс компаниясы жалпы 51,5 га аумаққа тұрғын үй құрылысын жүргізуді жоспарлауда. Оған 1 млрд 350 млн АҚШ доллары шамасында инвестиция тартылған. Ал, салынатын жалпы пәтер саны 7100. Жаңа жоба «Shymkent City»-дің жаңа келбетіне көрік беретін болады. Өзін әлемге танытқан компания бірінші кезекте 1,3 га жер теліміне 10 тұрғын үйдің (224 пәтер, жалпы ауданы - 21 543,7 ш.м.) құрылысын жүргізеді. Қазіргі таңда тұрғын үйлердің жер қазба жұмыстары басталып кетті.

Ерлан Айтахановтың Шымкентке әкім болғанына екі ай толғанда мегаполиске Премьер-Министр келді. Жұмыс сапарымен келген Үкімет басшысына бюджеттің есебінен дамып жатқан әсерлі жерлерді көрсетер деп күттік. Бірақ қаланың әкімі Асқар Маминді инфрақұрылымы ақсаған Бадам тұрғын үй алабына алып барып, шын мәнінде халықтың жағдайының қандай екенін жасырмай баяндады. «Цитадель» жобасының алаңын да көрсетіп, Шымкенттің даму картасын тағы бір шегелеп алды. Жұмыс күнінің ортасында кейде әлеуметтік ғимараттардың лентасын қиып үлгеретін әкім 100 күннің ішінде бірқатар нысандарды іске қосты. Бірақ, оның барлығын тізіп жатудың қажеті жоқ болар. БАҚ жариялап жүр. Айтахановтың Түркістан облысынан келген басшы екенін кейбір іс-шаралардан бірден байқайсыз. Мәселен, Түркістандағы аудан, қалалардың әкімдерімен ақылдасып, мегаполистің ортасында әр сенбі сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ұйымдастыруға ұйытқы болды. Бұл бір шетінен екі аймақтың жағынасын жақсартса, екінші жағынан азық-түлік өнімдерін на-рықтан 10-15 пайызға дейін ар-зан бағада қала тұрғындарына ұсыну.

Денсаулық - басты байлық екенін әркез айтып жүретін Ерлан Қуанышұлы Шымкентке келгелі медицина саласына көңіл бөліп, ауруханалармен танысты. Ақ халатты абзал жандармен пікірлесіп, қажетін сұрады. Нәтижесінде миллионнан астам тұрғыны бар Шымкент үшін алдағы уақытта

қатерлі дертті тексеретін «ПЭТ» орталығы ашылмақ. Осы мақсатта түрік компанияларымен келіссөз жүргізіп, екі жақты меморандумға қол қойылды.

Айтаханов келгелі қолға алған істің тағы бірі Қырғы базарға қатысты. Базар маңындағы заңсыз сауданы жою үшін, саудагерлермен жолығып, үлкен проблема туындады. Жабайы саудамен жан баққандар билік өкілдеріне қарсы шығып, көше бойынан кетпейміз, деп дау көтерген болатын. Бұл мәселеден қашпаған әкім саудагерлермен жүзбе-жүз жолығып, ретсіз сауданы тоқтататынын сабырмен түсіндірді.

Ер адамның қадірін уәдеде тұрмау кетіреді. Шымкент қаласы Тұран мөлтек ауданындағы «Әдия» тұрғын кешенінің халқы жаңа үйлерге қоныстанғанына бір жылдан асса да, ешқандай автобус жүрмейтінін, көшеге шығу үшін бір жарым сағат топырақ кешетінін айтып, шағым айтты. Әкім аталған тұрғын кешенінің тұрғындарымен кездесіп, қоғамдық көлік жүргізуге уәде беріп, 2019 жылдың 16 қазан күнінен бастап №171-бағыттағы жолаушылар автобусы қатынай бастады.

Шымкент – қайырымды қала! Ерлан Қуанышұлы өзінің фейсбук парақшасында осындай тақырыппен көлемді мақала жариялап, жұрт құлағын елең еткізді. Шенеуніктер көбіне шешіле сөйлеп, мұндай маңызды мақаланы жиі жазбайтын еді. Бірақ, мегаполистің басшысы жүрекжарды жазбасын қалдырып, Шымкентке «қайырымды қала» деген балама атауды ұсынды. Бұл арқылы әкім тұрғындардың бір-біріне деген мейірімін оятып, қамқор болуға шақырмақ ниетте. Ең бастысы қала рухани байлыққа бет бұрып келетін сияқты. Мұны мына ілінген тақтайшалардан аңғардық. Қазіргі уақытта Шымкенттің көшелерімен жүрсеңіз ақын, жазушылардың керемет ойлары мен ұлағатты сөздер жазылған билбордтар ілулі тұр. Бұл - Айтахановтың идеясы. Қазақстанның үшінші қаласын басшылыққа алған Ерлан Қуанышұлын осы жүз күннің ішінде Президент бір емес, екі рет қабылдады. Кейінгі кездесуінде Қасым-Жомарт Тоқаевқа мегаполистің үш жылдық даму жоспарын көрсетіп, ісіне сәттілік тілеп алды. Миллионды қала - әрдайым жаңа идея, жобалар мен жоспарлардың отаны. Ауқымды инвестицияларда осында. Қаланың дамуына жаңа серпін беретін бұл мәртебеге Шымкент талай ғасырды еңсеріп жетті. Ендеше, біз де Шымкентті басқарып отырған Айтахановқа сәттілік тілеп, қаланы дамыту жолында тынбай еңбек етіңіз демекпіз.

**Бағлан
БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ**

ҚР Министрі Сапархан Кесікбайұлы облыс әкімі Өмірзақ Естайұлымен бірге Мақтаарал ауданының тыныс-тіршілігін көріп қайтты. Ең алдымен Мақтаарал ауылдық округі, «Ақ алтын» елді мекеніндегі «АШМ сервис-орталығы» өндірістік кооперативінің мақта терімі науқанымен танысты.

Егіс алқабынан биылғы жылы 70 га жерге М-4011 мақта сорттық тұқымын егіп, 25,0 ц/га түсімділікпен өнім алытуда. Бүгінгі таңда 43 адамды жұмыспен қамтып отырған өндірістік кооперативі 58 бірлік ауыл шаруашылығы техникаларымен жабдықталған. Жалпы биылғы жылы облыста 131 мың га мақта егіліп, жоспарланған 340 мың тонна ақ алтынның 320 мыңы жиналды.

Мақта шаруашылығындағы негізгі мәселе – «ақ алтынның» бағасы. Бүгінгі таңда Мақтаарал ауданындағы зауыттар мақтаның тоннасына 100 мың теңгеден аванс берілуде. Алайда, әлі күнге дейін нақты баға бекітпеген. Министр мен облыс әкімі дәл осы мәселені шешу үшін Атакент кентіндегі «Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-інде ауданның мақта өңдеу зауыттарының басшылары мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесу жиынын өткізді. Жиын барысында облыс экономикасының ең маңызды саласының бірі – мақта шаруашылығының өзекті мәселелері талқыланып, облыс әкімдігі тарапынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министріне тиісті ұсыныстар енгізілді.

Бұл ретте, Сапархан Омаров ұсыныстарды қолдайтындығын, алдағы уақытта Үкімет деңгейінде көтеріп, оң шешімі табылатындығын айтты. Өз кезегінде, Өмірзақ Шөкеев шитті мақта бағасы алдағы күнде тұрақтайтындығын, шаруалардың сұраныстары бойынша тиімді баға бекітілетінін жеткізді. Ал, зауыт басшылары мақта бағасын бекіту үшін 3 күн мерзім сұрады.

Сапар соңында министр Сайрам ауданында орналасқан «Dala-fruit.kz» ЖШС-не интенсивті алма бауына және «Нұрым Групп» ЖШС 10 мың басқа арналған мал бордақылау алаңының жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ, облыста ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

Ағымдағы жылы Түркістан облысында ауыл шаруашылығы дақылдары 826,8 мың га жерге орналастырылып, өткен

жылмен салыстырғанда 13,3 мың га артты.

Егістікті өртараптандыру бойынша мал азықтық дақылдарға басымдылық берілді. Атап айтқанда: Өткен жылмен салыстырғанда мал азықтық дақылдары 11,2 мың га артып 201,1 мың га., жүгері 2,1 мың га артып 46,0 мың га., арпа 5,7 мың га артып 43,8 мың га орналастырылды. Сонымен қатар, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 5,1 мың га артып 119,0 мың га орналастырылып, сәйкесінше бидай 3,6 мың га (186,8 мың га), мақта 1,5 мың га (131,1 мың га), мақсары 3,7 мың га (89,1 мың га) қысқартылып отыр. Биылғы жылы өндірілген дақылдардан 692 мың тн. (+132 мың тн.), картоп, көкөніс, бақшадан 2 694,3 мың тн. (+148,5 мың тн.) жеміс-жидектен 120,0 мың тн. (+9,9 мың тн.) жүзімнен 74,3 мың тн. (+8 мың тн.) және мақтадан 345 мың тн. (+1,4 мың тн.) өнім жиналады деп күтілуде.

Тамшылатып суғару әдісі қосымша 7,0 мың га өндіріліп, жалпы көлемі 16,8 мың га жетті. Жылыжайлар 153,4 га салынып, жалпы көлемі 1088,0 га құрады. Қарқынды бау шаруашылығы 600 га жерге отырғызылып, жалпы көлемі 3,5 мың га жетті. Сондай-ақ, 336 га жүзім, 352 га жаңғақ көшеттері отырғызылды. Облыста бүгінгі таңда барлық техникалар саны 17955 бірлікті құрайды (трактор – 16733, астық комбайны - 883, мақта комбайны – 339). 15765 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары 2009 жылға дейінгі техникалар немесе 87,8% құрайды. Сондықтан, техника паркін жаңалау бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Осыған орай, жыл сайын техника паркін 6 – 10 пайызға жаңалау көзделуде. 2019 жылдың 9

айына 775 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды.

Түркістан облысы негізінен аграрлық өңір болып табылады. Облыс республиканың барлық ауыл шаруашылығы өнімінің 12,5 %-ын, Қазақстанда өсірілетін барлық мақтаның 100 %-ын қамтыса, жүзімнің 72,5 %-ын, бақшаның 60 %-ын өндіреді. Облысқа республикадағы барлық жылыжай шаруашылығының 80 %-ы тиесілі.

Облыстың ауыл шаруашылығын дамыту әлеуеті зор, мал шаруашылығын дамытудағы позициясы жоғары. Өңірдің перспективалы дамуы оны аграрлық-индустриялық өртараптандыру негізінде ауыл шаруашылығының жоғары әлеуетін одан әрі нығайтуға негізделмек. Жабық топырақ (жылыжай) ауданы 2 769 га дейін кеңейеді. Сондай-ақ, 116 мың га жаңа технологиялар енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы техникалық паркін және тракторларды 37 %-ға (80 %-дан 43 %-ға дейін) жаңарту, бұл ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін 2,5 есе ұлғайтуды және жыл сайын жалпы өнімнің көлемін 76 млрд. теңге сомасына дейін өсуін қамтамасыз етеді. Облыс ірі сауда-логистика орталығына айналу мүмкіндігі бар маңызды көлік торабында орналасқан. Ішкі өнім санын арттырып сату, өңір үшін тиімді болып саналады. Киелі Түркістан өңірі нәтижесінде 2024 жылға қарай ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2,1 есе арттырады деп жоспарлануда. Ал, ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы өнімі 1 млрд. теңгеден астам қаржыны құрайды.

Абай ОМАР



ӨҢІРДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ӘЛЕУЕТІ ҚАРҚЫНДЫ

Егер төменде кемшілік жіберілетін болса, осы Төкеңе ұқсаған, мен ұқсаған кісінің мойнында болады. Сондықтан, маған да бір кішкентай бата беріп, мені де осы жерде кішкентай теңестіріп қоюыңызды сұраймын.

Димекең жымынып күлді:

-Ал, енді Төле биді білесіндер, Қазыбек інісі, Әйтекеби де інісі. Мен Төлеби болған болсам, осы Бекежанды төртінші би қып кетер едім, төрт ауданға би сайлап кетер едім. Сондықтан, сізге, барлығыңызға, ақсақалдар сіздерге де, мынау еліміздің бақыты өссін деп, бала-шағаларыңыздың рахаттарын көру үшін ұзақ өмір тілеймін. Осындай дастархандардың басынан табылып тұруларыңызды тілеймін. Көп мен ділмөрлық жасамайын, осымен барлығыңызға денсаулық тілеп, мен осы әңгімені бітірейін.

-Ой, рахмет!

-Димеке, айналайын, бата...

-Барлығын осы екеуіңе тапсырамын. Менің берген батам - көбейіп өсе беріндер, көбейе беріндер.

-Ағаға бір шапан кигізейік!, - деді де Бегім Төлепбекке шапан кигізді.

-Шапаныңыз құтты болсын, Төке!, - деп жатыр көпшілік.

Шапан кигізу жалғасып, бірқатар меймандар шапан киді.

-Қынекең осы біздің үйде көптен бері болған жоқ, жиналған дүйім халықтың алдында шапанды кигізейік.

-Ал, Қынеке, айналайын, Әулием. Қанеки, келсей бері, - деп Бекежан асаба елпелектеп жатыр.

-Мұсылманшылық жолымен қажыға барған, парызын атқарған Димаш Ахметовичке тәспі берген Лияс қарияға - еліміздің ақсақалына, бұл кісіге де! Басқа ағайындардың бөрінің де рет-ретімен шапаны бар. Сыйсияпаты бар.

-Ал, бісміллә!, - деп шапан беру, сияпат тарату жалғасты.

Шаралар біткен соң Бегім:

-Димаш аға! Осы ретте, осы дәрежеде Аумин дейміз де, бата тілейміз! Тұрамыз.

-Иә, - деді Төлепбек інілік ізетпен.

-Бегім, келін, мынау Димаш Ахметұлы, шырағым, өзінің ырзалығын білдіріп, бата бермекші.

Димаш Ахметұлы:

-Алдымен былай болсын. Бүгін Тәшкеннен бастап, осы жерде де бөріміздің басымызды қосып аталы сөзін айтқан, мына Бегім. Енді міне, тарайын деп отырмыз ғой. Қазақша айтқанда, той тарайтын уақытқа заман келді. Соған менің айтатыным, Бегім, келін, сендерге көп рахмет. Абыройларың өсе берсін. Менің тағы айтатыным, менің көтере айтатын бір, орысша айтқанда өзімнің лозунгым бар, ең аяғында қайда жүрсем де, соны айтып кетемін. Өзіме бір шал айтып еді, жаңа да айттым ғой.

Иә!, - десті көпшілік.

-Желдіртіп 70-ке келіндер, 80-нен секіріп өтіңдер, 90-ға тоқтамаңдар, 100-ге келгенде қарайып жатындар. Енді Қажеке, сізге жол берейін! - деп сыпайы жымия қарап еді, жарықтық.

-Қане, аумин, бабай! - десті көпшілік қол көтеріп.

Лияс бабай:

-Бісміллә рахман рахим! Агузу билла»и раббил-ғаламин!

Ассалаумағалейкум уа рахматулла барахату. Алла-Тағалам өміріңізді ұзақ қылсын! Мынау осы өзіңіз кеп отырған үйде бағана мен айтып кеттім ғой. Смаил деген жұлдыз болады екен, жеті қат аспанның үстінде, соның назары түскен адам патша болады екен, дүние жүзін сұрауына болады екен, соның қатарына іліккен адам екенсіз. Енді мен бірінші көруім еді, екеуміз құрдас екенбіз.

-Иә, -деп Қонаев тағы қостады.

-Маған сіз мына тәспіні бердіңіз...

Төкең;

-Екеуіңіз тәспіні ауыстырғаныңыз құрдас-

тықтарыңыздан екен ғой, - деп қосыла кетті.

Лияс:

-Иә, құрдас болдық, сосын енді жаңағы сөйлеген Қынекең де - бізбен қатар екен, бұл да сексенде екен. Оның айтқаны да, менің айтқаным да - екеуі бір болады енді. Осында Көктің ұлы деген елміз енді, осы жерде, Өзбекстанда, жарымыз өзбек, жарымыз қазақ болып жасағанбыз бірге. Сол жасаған адамның ішінде ол кісімен бөріміз Сізді шақыруды айтып отырмыз. Мен сол шақыруға қосыламын енді. Ол кім, мен кім демеймін. Неге десеңіз, бейтәртіптік болады ол. Ол менімен жасты екен, ол да 80-де, мен де 80-де. Ал енді мынау менің інім болады,

МЫРЗАШӨЛДЕГІ Кездесулер

(Қонаев пен Рашидов)
деректі хикаяттар

көзін қысады, үйге деп айтсаңызшы деп. Сіз Қынекең келген күні сол әңгіме біздің үйде де, осы баланың үйінде де, менің үйім демей-ақ қояйын, болсын!

-Аумин!

-Аллаһу акбар!

Дүр көтерілген меймандар сыртқа шыға бастады, кіре берістегі дәлізге қойылған үстелде қолтаңба беру басталып кетті. “Өтті заман осылай” т.б. орысша, қазақша кітаптарын ұсынып анталаған адамдар, сыпайы кезек күтісіп тұр. Дәлізде Лияс бабай:

-Димеке, Қыдыр көрген адамсыз, сексенге келдіңіз. Енді Алла біледі. Мынау жердің көлеңкесі құсап жылт-жылт етіп тұрған өміріміз қалды енді. Сонымен, Құдай қаласа, бір көрісейік енді, үміт етейік, Құдай жазсын! Көргенше, қайыр! Тағдырымыздағы Құдайдан ғой болса да, Құдайдан тілейік! -Құдайдан тілейік!, - деді Димекең, сөйтті де: -Еркектің жасы - екі елу дейді, соған жетейік, - деді, нықтап, әрі Ілекенді жұбата бастады. Дауысы жарықшақтанып кетті. Жұрт құшақтасқан екі қарияға қарап, жапырыла күліп, қостап:

-Айтқаныңыз келсін! Екі елуге жетейік! - деп екі қарияның босаған көңілінің шегелерін бекітіп жатты.

-Келіндеріңізбен бір суретке алсын!, - деп өтініп, Бегім ойларын бөлді. Менің есімде Бегімнің “Өмірге құштар, оптимистично атанып еді” дегені, сосын көңілі босағандай болып: “өтген, отпуск алып үлгіре алмадым, альбомды, видеокассетаны апарып бере алмадым. Кеш бардым” дегені түсті.

Бегім тағы да қайталап:

-Димаш Ахметұлы, мына келіндеріңізбен, балаларыңызбен бейнеңізді видеоға бір алып қалайық! - деп балаларын, келіндерін, немерелерін қатарға тұрғызып жатты.

-Иә, - деп сыпайы қатарға тұрып, немерелерінің бөрінің қолынан ұстады. Видео түсіріліп жатты.

Далада - қалың көпшілік ду-ду..

Бөрібай жеделдете, термелете төге жөнелді. Домбыра екпіндете дауылдайды:

Шараф ата тойын да,

Өткізіп барарсың ба?

Халқың қалды Мырзашөл даласында.

Бұл балаң ел алдында жана берсін,

Бұл балаңа шын бақыт қона берсін.

Ақын болып, ақ тілек мен тілейін,

Ал Аға! Ақ жолыңыз бола берсін!

Ей-»ей! Ей-»ей-»ей!

-Рахмет, інішек! Рахмет, айналайын. Ал енді жүрейік, - деп ақынның қолын да қысып, басқа айналадағылардың қолын да

қысып, жас келіндерге дейін түгел рахмет, алғысын айтып, қолдарын қысып, басын иіп, Бегімнің бетінен сүйді де, машинаға мінді. Соңғы машина... Зауытбектің Шымкенттен міне келген машинасы.

4. Меймандарды

аттандырған соң...

Күтуші әйелдердің жетекшісі, дастархан мәзірін жасаушы Жаңыл Қожаевна сөз алды:

-Міне, біз қолымыздан келген жәрдемдерімізді жасап, үш-төрт күнде еш шаршағанымыз жоқ. Қайта біз қайратымызға қайрат қосып, осы келген меймандарды жақсылап

күтіп алу әрекетінің үстінде болдық.

-Ой, рахмет!

-Сондықтан мен осындай асыл адамдармен дәмдес, сыйлас болғанымызға өте разымын. Менің бүгін айтарым, осындай тойлар бола берсін. Осында машинана жақсы ниет, ақ тілектер айтылды. Мен де осыған қосыламын. Осы аудан барлық уақытта абыройлы болсын! Халық тыныш болсын! Бақытты болсын! Біз осы ауданымыздың қонағын күтіп, шаршамай жүре берейік! Баршаңызға денсаулық тілеймін.

-Ой, рахмет!

-Бәлі! - деді Стеджан Бақытов.

-Сау бол! - деді МАИ бастығы Агабек.

Аудандық сауданы басқарушы Стеджан:

-Дұрыс, бақилыққа өткен өмірдің тірілерге өнеге тірлігін өткізіп жатырмыз. Пірлерді құрметтедім деп ойлаймын. Бірінші піріміз Шараф Рашидов болса, екінші піріміз Димекең. Осы Бекежан Тоқсанбаев, Жаңыл Қожаева мен Шараф Рашидовты тірі уақытында 3-4 мәрте Абай совхозының дала қосында /Бегімге қарап/ Сіздің С.Сегізбаев атындағы совхоздың кіре беріс жерінде қарсы алғанбыз.

-Иә!, - деді Бегім растап.

-Тамақ жеп болып, кетіп бара жатып, көмекшілері кетіп қалып, өзі бізге бұрылып:

-Рахмет! - деп иіліп кететін еді.

-Жарықтық!

-Ол кісілер сондай еді! - деді Бегім дауыс көтере.

Сонда Бекене, Тоқсанбаевқа айтатын едім: -Ай, Беке, бұл кісі бізге бұрылып рахметін айтты, бұл қалай болады? - дегенімде:

-Ей, сен бала, тыңда. Пір бас игеннен кейін біз де сол пірдің маңайында жүрміз, - деген еді.

-Құрметті Беке, сол өзіңіз айтқандай бүгін Сіз пір күттіңіз, тірісін де, өлісін де! Оны біріншісін осы ел біледі, екіншісі атам қазақ атын әлемдік деңгейде қорғаған. Мырзашөл - атамекеніміз барлық тарихты біледі. Мен осы көпшіліктің алдында саған тірі пайғамбардай тағзым етуге рұқсат етіңіз, Бекежан аға!

-Рахмет!, - деп жатыр Бекен.

-Мен осы жердің топырағына, суына, осы Мырзашөлге тағы да талайлар сәлем берсе дер едім. Міне ағайындар! Осы 4-5 күннен бері біздің елімізде қаншалықты үлкен бір дәуре-думан болып жатыр. Қаншалықты дархан дастархан жайылып жатыр. Бір күн дәмге мың күн сәлем дейді! Наннан артық ешкім жоқ! Нан десе бөріміз соған сәлем береміз.

-Рахмет! Егер осы Мырзашөл осындай болмаса Шараф Рашидов та тумас еді, Қонаев та келмес еді, о кісі де осы жерді

көрмес еді. Ал енді ойлап қараңыз. Дүние жүзі бізге назар салып қарап жатыр. Кеше екі Президент - Нұрсұлтан да, Каримов та сөйледі. Екеуінің сөзінің барлығы - осы өзбек пен қазақтың бірлігі. Мен ойлаймын, бүкіл Азия елдерін де біріктіріп тұрған осы екі ел.

-Рахмет!

-Мен осы екі елдің азаматы болып, осы екі елдің ұлы болып, осы екі елдің жақсы ұлы мен қызы болып, мұсылман ретінде туганымызға бақыттымын деп есептеймін.

-Рахмет!

-Құдай осы жақсы игілігімізді біздің келешектегі жастарға дарытсын!

-Рахмет! - десті, қыздар, жастар, әйелдер

Жаңыл Қожаевна бастап.

-Бегім Серікович! Сізге үлкен рахмет! Сіз өлі әруақты ырза қылып, тірі пірді қосып, дастархан жайып, бүгін нан-түз беріп отырсыз. Осы орайда ұмытылмас бұл істі да-йындап, ұйымдастырған Сізге табынбаған мұсылман - мұсылман болуға тиісті емес.

-Рахмет, - Б.Тоқсанбаев,

- даусын көтере, өте дұрыс

айттыңыз!

-Ой, рахмет! - деді Бекен. Серіков те ризашылықпен.

-Мейлі, кейбіреудің ақшасы көп шығар, теңгесі көп шығар, түйесі көп шығар, дүниесі көп шығар, бірақ наннан ұлық ешкім жоқ. Мен осы тосты ел бірлігі үшін, нан үшін, дастархан үшін, келешек біздің осы азаматтарымыздың өсіп-өнуі үшін, тек қана осы жерде емес, ортамызда үнемі шаттық болсын, аудандағы барлық азаматтармен арамыз тату болсын, өзбек пен қазақтың, достықтың туы биік, асқақ көтерілсін және де Азияда елдеріміз ірі беделге ие болатын болсын! - деп көтеремін, басқа айтатын әңгіме жоқ!

-Рахмет сізге! - деді Бегім.

-Енді мына Димаш Ахметұлы отырған орындыққа отырған өзіміздің піріміз Сәке! Сізден бізге бақ қонсын, ырысыңыз жұғысты болсын, - дейміз.

-Рахмет!

-Жасы үлкен ағамыз! Осы елге, Мырзашөлге еңбегі, қызметі әбден сіңген. Бұл кісінің шапанын мен кигем! Ағаның өзі де біледі.

-Қане, Сәке, тұрыңыз!

-Рахмет!

Қол шапалақтау. Бегім шапан кигізді.

-Рахмет, төрем! Көп жаса!, - деді Есімов киюге жәрдемдескен келініне.

Б.Тоқсанбаев:

-Димаш Ахметұлы ұқсап айналайын деп, Стеджан мен Жаңылға өз қолыммен тапсырамын, - деп шапан, көйлек кигізіп жатыр... -Шапаның! Көйлегің! Бұлардан біз ө деп бұрыннан киіп жатырмыз, киіп жатырмыз, енді біз де берейік! - деп өзіл тастады Бегім үйіндегі Ұлберсін жеңгей олардың сауда дүкендерінде істейтінін ескеріп.

(Мырзашөл ауданында, үйде Димекеңе, қасындағы қонақтарға әдемі, жарасымды шапандарды құрметтеп жауып жатқанда есіме “Салтанат” фирмасы басшысы Кенжебай Мамытовпен болған әңгімелер түсті.

-Бегім Серіков Мырзашөл ауданында өкім еді ғой. Біздің фирманың аты шығып жатқан соң, көп-көп шапан алған ғой. Димекендей кісіге - үлкен өлшемі керек, оюы, кестесі келіскен, айшықты, таза қазақша болуы керек.

(Жалғасы бар)

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Әбдіғалпап СЕРІКБАЕВ,

ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.



БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ

Рухани сабақтастықта болған едік. Қазақстан журналистері үшін ұйымдастырылған шетел сапарларында талай рет бас қостық. Соның бірі - естен кетпес Эстония сапары болатын. Бүгінгі күнге дейін, бір-бірімізге хабарласа қалсақ,

«Далеко ли до Таллина» деп, хал-амандығымызды сұрасатынбыз. Маған сыйға тартқан кітапқа «Алыста болса жақын, Эстонияда таныстық. Бауырлардай табыстық, ұзағынан сүйсіндірсін» десе, соңғы жазбасында «Дулат! Деніңе сау-

лық, шығармашылығыңа табыс тілеймін. Көзімдей көріп жүр» деп қолтаңбасын қалдырып еді, қайран ағам!

Қош, «Орталық Қазақстанның» нарқасқа азаматы. Белгілі журналист, қоғам қайраткері болған Мағауия Сембай-

дың мезгілсіз дүниеден озуына байланысты, туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Дулат ӘБІШ,

Қазақстан Журналистика

академиясының академигі,

Түркістан облыстық мәслихат-


тының депутаты, «Айғақ»

телеарнасының басшысы.

Шымкент қаласы.



Салық төлеушілер назарына!



Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидалары туралы хабарлау

1. Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 263-бабы 2-2-тармағына, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалары:

1) электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың нысанын (бұдан әрі - электрондық шот-фактура (ЭШФ));
2) ЭШФ жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру және алу тәртібін;
3) ЭШФ қуәландыру тәртібін;
4) түзетілген, қосымша ЭШФ алынғанын растау ерекшелігін;

5) ЭШФ сақтау тәртібін айқындайды.
3. Салық кодексінің 256, 263, 264 және 265-баптарында белгіленген талаптарға және осы Қағидаларда сәйкес жазып берілген және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде тіркелген ЭШФ қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) есепке жатқызу үшін негіз болып табылады. Егер шот-фактура қағаз жеткізгіште сияқты, электрондық нысанда да жазып берілген жағдайда, онда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ҚҚС есепке жатқызуы үшін электрондық нысанда жазып берілген шот-фактура негіз болып табылады.

4. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баждың төмендетілген ставкасы - кедендік өкелу баждардың Дүниежүзілік сауда ұйымдарында Қазақстан Республикасының міндеттемелерінде көзделген ставканың барынша жоғары деңгейінде белгіленетін Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (бұдан әрі - ЕАЭО БКТ) қолданыстағы кедендік өкелу баж ставкасымен салыстырғанда өте төмен ставкасы;
2) заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі - филиалы, өкілдігі;
3) өкіл (оператор) – Қазақстан Республикасының шот-фактуралар жөніндегі салық заңнамасымен реттелетін қатынастарға қатыстың, өнімді бөлу туралы тапсырма шартын немесе келісімнің (келісімшарттың) негізінде әрекет ететін заңды тұлғалар.

Э.ТАСТАНОВА,

Әл-Фараби ауданы Мемлекеттік кірістер басқармасының салықты бақылау бөлімінің бас маманы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – Комитет) жеке тұлғалар үшін салықтық рақымшылық жүргізуге байланысты келесіні хабарлайды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Заңының 57-3-бабын (бұдан әрі – Заң) жүзеге асыру мақсатында 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушінің жеке шотында есептелінген өсімпұл сомаларын есептен шығару және 2018 жылғы мүлік салығы мен жер салығын төлеу бойынша міндеттерді қоспағанда, төленген күніне дейінгі, оны төлеу күнін қоса алғанда 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салық кезеңінде салық міндеттері бойынша туындаған бересі сомасына есептелген өсімпұл сомаларын, есептен шығару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 797 бұйрығымен бекітілген.

Салықтық рақымшылыққа азаматтардың екі категориясы жатады.

Бірінші категория – орындалмаған салықтық міндеттемелері бар жеке тұлғалар (көлік салығы, мүлік салығы, жер салығы, жеке табыс салығы, жер учаскесін қолданғаны үшін төлем, және жеке тұлғаның бас-

Жеке тұлғалар үшін салықтық рақымшылық

қа міндеттемелері). 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салық кезеңіне салық міндеттері бойынша туындаған бересі сомасына төлеген жағдайда, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушінің жеке шотында есептелінген өсімпұл сомалары, сондай-ақ күніне дейін, есептелген өсімпұл сомалары рақымшылыққа жатады.

1-ші мысал. Жеке тұлға мүлтік табысын алуға байланысты 2017 жылы жеке табыс салығы бойынша (бұдан әрі – ЖТС) мағлұмдамасын 2016 жылға 500 000 теңге сомасына тапсырған. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖТС бойынша негізгі қарыз сомасы толық төленген, бұл ретте 100 000 теңге өсімпұл сомасы төленбей қалған. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өсімпұл сомасы 100 000 теңге, рақымшылыққа жатады.

2-ші мысал. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушіде салық берешегі жоқ. Мемлекеттік кірістер органымен 2019 жылғы 1 наурызда 2016-2018 жылдар бойынша көлік салығы есептелген, осыған байланысты, салықтық берешек пайда болды және өсімпұл есептелген. Салық төлеуші негізгі қарыз сомасын 2019 жылғы 1 тамызда толық төлеген. 2019 жылғы 1 тамызда есептелген өсімпұл сомасы, ра-

қымшылыққа жатады.

3-ші мысал. 2018 жылғы 1 желтоқсанда жеке тұлға 2017 жыл бойынша мүлік салығын есептелген өсімпұлмен төлеген. Осылайша, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушіде мүлік салығы бойынша салық берешегі жоқ. Заңның және Қағидалардың нормаларына сәйкес төленген өсімпұл сомасы рақымшылыққа жатпайды.

Жеке тұлғалардың бірінші категориясы бойынша дербес шоттарға, 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі салық кезеңі үшін толығымен есептеуді түгендеу жүргізгеннен кейін өсімпұлды есептен шығару жүргізілетініне назар аударамыз.

Екінші категория – кәсіпкерлік қызметі бойынша (қосымша құн салығы, өлеуметтік салық және басқалар), жергілікті ақпарат жүйесінен «БСАЖ» АЖ-не өткен кезде, он бес жыл бұрын пайда болған жаңылыс салықтық берешегі бар, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлғалар. Бұл ретте осындай жеке тұлғалар бұрынғырақ кәсіпкерлік қызметпен айналысқандары туралы ақпарат мемлекеттік кірістер органдарында жоқ. Бұл категория бойынша салықтық берешектің барлық сомасын есептен шығару қажет.

Осылайша, салықтық бере-

шекті есептен шығару үшін үш талапқа сәйкестік қажет:

-бұрын жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрмайтын жеке тұлға;

-кәсіпкерлік қызметі бойынша (қосымша құн салығы, өлеуметтік салық және басқалар) салықтық берешегі бар;

-кәсіпкерлік қызметі бойынша жоғарыда көрсетілген берешек он бес жылдан артық есептелген.

-Көрсетілген мысалдардан көргендей, жеке тұлға бұрынғырақ «БСАЖ» АЖ-де жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрғаны туралы ақпарат жоқ. Бұл ретте 2002 жылғы 24 шілдедегі жағдай бойынша қосымша құн салығы бойынша 27875 теңге сомасына сальдо айыр-басталған, ал 2019 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша ҚҚС бойынша салық берешегі сомасы 52797 теңге, соның ішінде өсімпұл – 24922 теңге. Осылайша, бұл жағдайда есептен шығаруға, есептен шығару күніне есептелген, қосымша құн салығы бойынша салық берешегі сомасы жатады.

-Сонымен қатар, сіздің назарыңызды аударамыз, Салық кодексінің 128 бабының 3 тармағына сәйкес жеке тұлғадан берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығы салық органымен жеке тұлға салық берешегін өтеген күннен бір жұмыс күн кешіктірмей қайтарылады.

Б.ТӨЛЕГЕНОВА,

Әл-Фараби ауданы

Мемлекеттік кірістер

басқармасының ақпараттық талдау және есеп бөлімінің басшысы.

Мемлекеттік тіл – ел тірегі

Мемлекеттік тіл-ел тірегі. Қандай ұлт болса да, өзінің ана тілін сақтауы қажет. Өйткені, тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады... Бұл рас. Ана тілімізді сақтап қалу-бәрімізге төн міндет.

Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік соты Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты бүгінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып келеді. Іс-қағаздары тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Шымкент қаласындағы №128 жалпы орта мектебінің оқушылары үшін Түркістан облысының Ш.Қалдаяқов атындағы филармония ұжымы Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жылдық мерейтойына орай, арнайы концерттік бағдарлама ұсынды. Мерекелік шара барысында Абайдың қара сөздері, өндері мен аудармалары насихатталды. Сонымен қатар, мектеп оқушылары да данышпанның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінді оқып, өз үлестерін қосты.

Қазіргі таңда мемлекеттік жүргізіп отырған тіл саясатының мақсаты – мемлекеттік тілдің өміршеңдігін мейлінше арттыру. Сондықтан, сот саласында жинақталған тәжірибені жүйелі пайдалануымыз керек. Бұл-бүгінде іс жүзінде орындалып жатқан міндеттердің бірі.

Менің тілім-қазақ тілі. Оны отбасынан бастап жетілдіру, маңыздылығын арттыру үшін үйдегі бүлдіршіндердің тілге деген сүйіспеншілігін оятып, өз ана тілінде сөйлеуіне барынша мүмкіндік жасауымыз керек. Тіл сонда ғана өркендей береді.

Тіл мәртебесін көтеру-қазақстандықтардың төл міндеті.

Айнұр ОСПАНОВА,

Шымкент қаласының

мамандандырылған әкімшілік

сотының судьясы.

НАМЫС

Намыс – адамның жан дүниесі мен Отанының, отбасының, ұлтының, қоршаған орта мен қоғамының мәнін сезінуімен оянып, соның амандығы мен бүтіндігі үшін күресінен көрініс табады. Өзін-өзі танудан бастау алған адамның рухани ізденісі оның қоршаған ортасын меңгеруіне ұласады. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген қағидадан көрініс тапқан, яғни ар-иманның

қадірін білуімен а й қ ы н д а л а т ы н намыстың бір түрі – адамның адамдық келбетін айқындайтын асыл қасиеті. Адам өз бойындағы ең асыл құндылық иман, ар-ождан қазынасы екенін танып білгеннен кейін, оны қорғау, ұлғайту қамымен ғылым, білім іздеп еңбектенсе, ол шын мәніндегі намысты тапқаны күмәнсіз.

Ш.Сәрсенбекова,

Шымкент қаласындағы №49 жалпы

орта мектебінің

психологі

Ана тіліміз – қасиетті

Ана тіліміз-қасиетті. Ол біздің баға жетпес байлығымыз. Отаннан бастау алатын Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Өнұранның қатарында жүретін нышанның бірі-мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің қашан да шоқтығы биік. Өйткені, ұлттың ұлттан айырмашылығының бірі-ана тілінде. Қайда жүрсек те, қай жерде еңбек етсек те, біз ана тілімізде сөйлеп, өз тілімізде құжаттар толтыруымыз қажет. Сонда ғана ана тіліміздің қанаты бекіп, биікке самғайтын болады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елдің барша азаматтарын біріктіретін тіл-ана тілі деп Қазақстан Республикасы ұстанып отырған тіл саясатының мәнін түсіндіре келіп, маңызды ой-тұжырымдарымен бөліскені есімізде. Елбасының Үкіметке берген тапсырмаларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қазандағы № 1025 қаулысымен Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссия құрылған болатын. Комиссияның алға қойған мақсаты- мемлекеттік тілді кешенді және жүйелі дамыту, оны өмірімізге мықтап ендіру, бірақ ұлтаралық тіл ретінде елде орыс тілін білудің деңгейін сақтап қалу, ағылшын тілін үйрену жүйесін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік тіл саясатын және тілдік құрылысты іске асыру тетіктерін одан әрі жетілдіру. Соның бір айғағы-бүгінде орыс тілді мектептердің өзінде қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемелері өмірге келді.

Айта кетейік, сот саласында тілдің маңыздылығы қашан да арта түсуде. Бұл жөнінде баспасөз беттерінде маңызды материалдар жариялап жүрген әріптестеріме ризашылығымды білдіремін.

Иә, мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттыру, іс-қағаздары мен семинар, жиналыс, байқауларды ана тілімізде жүзеге асыру бағытында еңбек етіп, оған сүбелі үлес қосу-азаматтық парызымыз.

Серік НИЯЗБЕК,

Шымкент қаласының мамандандырылған

әкімшілік сотының судьясы.

АЙҒАҚ
MEDIA

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Аруна ПЕРНЕБЕК - Редактор
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86.
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 **Факс:** 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Мәқаланың жариялану аяқсыз төленген.

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, 29.

Нөмірдің кезекші редакторы - Ақерке Исманова

Жазылу индексі

65836

16+

Талсырыс: №195
Таралымы: 7000

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДЫРЫЛҒАН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ
МЕЖДУНАРОДНАЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ВЫСТАВКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ

AgriTek
S H Y M K E N T ' 2 0 1 9

Ұйымдастырушы: / Организатор:
ufi **TNT** PRODUCTIONS, LLC +7 (727) 250-19-99

Көрме мекенжайы • Место проведения:
«КӨРМЕ ОРТАЛЫҒЫ»

Астана к-сі
МЕТРО СУПЕРМАРКЕТ
НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ
ТЕАТР
БИБЛИОТЕКА
АКИМАТ ЮКО
КӨРМЕ ОРТАЛЫҒЫ

Байтерек к-сі
Арғынбеков к-сі

13-15 қараша/ноября

www.agrishymkent.kz

Хабарландыру

Шымкент қаласының мамандандырылған өкімшілік сотында 2019 жылғы 8-ші қарашада сағат 11-00-де «Соттардағы заманауи форматтарын және соттардың жаңа электронды сервистерін таныстыру» бойынша ашық есік күні өтеді.

Келіңіздер, бүгінгі күн талабына толық жауап беретін заманауи форматтар мен электронды сервис -жұмыстың жылдам әрі сапалы орындалуына септігін тигізеді.

Шымкент қаласының мамандандырылған өкімшілік соты

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58,

8 702-243-45-54,

8 771-670-72-37



Открылось наследство

*** Умерла Шевченко Раиса Дмитриевна. Дата смерти: 15.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жолшыбекова Н.Е. г. Шымкент, пр. Республики, дом 27. Тел.: 8 701-710-99-38, 56-10-94.

*** Умер Байгазиев Серикбай. Дата смерти: 10.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сағындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 2, кв. 9. Тел.: 8 705-696-07-72.

*** Умерла Турсунмамедова Тарбия Чинтаевна. Дата смерти: 31.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сағындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 2, кв. 9. Тел.: 8 705-696-07-72.

*** Умерла Аязбаева Разия. Дата смерти: 31.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жандарбекова Н.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 205/3. Тел.: 8 705-410-09-24.

*** Умер Майский Иван Альбертович. Дата смерти: 30.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Биханова Ж.Ж. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 10/1. Тел.: 8 702-241-92-14.

*** Умерла Савина Лидия Александровна. Дата смерти: 13.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мырзақұл Р.С. г. Шымкент, Енбекшинский район, ул. Жумадилла Алдиярова, 95. Тел.: 8 702-721-90-98.

*** Умер Черников Владимир Александрович. Дата смерти: 15.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умерла Қалымбетқызы Дариха. Дата смерти: 30.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сабырбайқызы Бахытгуль. г. Шымкент, пр. Тауке-хана, дом №45.

*** Умерла Ертай Перизат Лесқызы. Дата смерти: 20.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мадыбекова Н.М. г. Шымкент, ул. Б.Момышулы, 31 Б, кв. 9. Тел.: 8 701-736-22-75.

*** Умерла Есалиева Рахима. Дата смерти: 01.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бисенова Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова, 3/26. Тел.: 8 (7252) 40-26-73.

*** Умер Кемпирбаев Нуржан Тохсанбаевич. Дата смерти: 17.03.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсенбаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 2-этаж. 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77, 8 771-153-83-92.

*** Умерла Сыдыкова Жаныл. Дата смерти: 15.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тоғызбаева Г.Ж. г. Ленгер. ул. Төлеби, дом 396 «Б». Тел.: 8 778-965-48-58.

*** Умерла Ерназарова Тастанкул Бегмановна. Дата смерти: 10.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Асланов Х.У. г. Шымкент, 3 мкр. ул. Оспанова, б/н. Тел.: 8 (7252) 33-82-74, 8 701-461-03-06.

*** Умер Нурмаханбетов Нуржан Бескемпирович. Дата смерти: 19.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Кузьменко Данил Тимофеевич. Дата смерти: 17.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сағындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, дом 2, кв. 9. Тел.: 8 705-696-07-72.

*** Умерла Ситдыкова Г.Х. Дата смерти: 18.10.2019 года.

Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3 мкр., дом АЗ «В». Тел.: 8 701-729-25-41.

*** Умер Сугурбаев Аргынбай Байбосынович. Дата смерти: 12.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Биханова Ж.Ж. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 10/1. Тел.: 8 702-241-92-14.

*** Умер Алимов Талибжан Гайбуллаевич. Дата смерти: 17.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Сарсенбеков Нурдияр Алдиярович. Дата смерти: 07.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Ә.А. г. Шымкент, ул. Г. Ильяева, 23-3. Тел.: 8 701-721-43-85.

*** Умер Кубенов Абдималик Ташкенбаевич. Дата смерти: 18.02.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умерла Зоткина Людмила Михайловна. Дата смерти: 08.10.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умер Искабаев Оразтай Бабашевич. Дата смерти: 28.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели кожа 1Г, ЦОН, 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

Жарамсыз деп танылсын

*** Мамадалиев Сервер Абдугаппарович атына Қазақстан Республикасында берілген мекендеу құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тортаева Сауле Рашевна 30.04.1993 жылы Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінен ЖБН№0017293 берілген Дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Бейсен Руслан Бахтиярұлы атына 2017 жылы «Т.Төжібаев атындағы №47 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесін бітіргендігі туралы ЖОБ №1191435 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Нәден Мадина Мәлікқызы атына «Болашақ» колледжінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Маленький принц» ЖШС атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №000001381736, Меркурий 115 Ф КЗ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Оразбаева Салтанат Уалихановна атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Илияс Данияхан Шайхұдинұлына тиесілі Шымкент қаласы, Қатын көпір шағын ауданы, №1266 учаскесінің жоспары және жер телімін сату-сатып алу келісім - шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Акатаева М.А. атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №00506486, Меркурий 130 Ф КЗ (версия 130 КЗ 037) маркалы кассалық

аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Товаровед» ЖШС атына берілген мемлекеттік тіркеу куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Товаровед» ЖШС атына берілген мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Құрасбек Асылзат Нұржанқызы атына Аймақтық Өлеуметтік-Инновациялық университетінен 22.06.2019 жылы берілген серия BG №4645484 Сертификат ТЖК/ИКТ – 872300507 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Баймаганбетов Б.Н. атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №000001366014, Меркурий 115 Ф КЗ (версия 115 КЗ 010) маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Анарбек Алфия Кайратқызы атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Паречнев И.А. атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №00416795, Меркурий 130 Ф КЗ маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** ЧСИ «Алиев Р.У.» атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №1262109, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

АЙҒАҚ телеарнасы жарнамаңызды ұтымды жариялауды ұсынады:

Жүгіртпе жол **Акция:** 2+1, 3+2, 5+3, 10+6, 20+12

Күндік көрсетілім **70** 1 сөз = 150 тг

Асыңыз!

